

[17] Batkolina V.V. K voprosu ob adaptacii studentsov k usloviyam obucheniya v universitete / Civilizaciya znaniy: rossijskie realii: tr. Devyatnadcatoj mezhdunar. nauch. conf. - 2018. - 1095-1100s.

[18] Lunu A.A., Sedykh T.V. Peculiarities of adaptation of first-year students to the socio-cultural environment of the university / Socio-cultural activity: vectors of research and practical prospects: materials of the international. electron. on-uch.-pract. conf. - 2017. - 257-262 p.

[19] Grigoriev S.G., Grinshkun V.V., Remorenko I.M. "Smart audience": from technology integration to principles integration / Informatics and education. 2013. No. 10 (249). pp. 3-8.

[20] Andreeva I.N. Emotional intelligence and emotional creativity: specificity and interaction / I.N. Andreeva. - Novopolotsk: Polotsk State University, 2020. - 356 p.

[21] Uvarina N.V., Savchenkov A.V. Formation of flexible skills of youth in conditions of social partnership [Electronic resource] / N.V. Uvarina, A.V. Savchenkov / Modern Higher School: Innovative Aspect. - 2021. - No. 1(51). - Access mode: <https://cyberleninka.ru/article/n/formirovanie-gibkih-navykov-molodezhi-v-usloviyah-sotsialnogo-partnerstva>

[22] Shchipanova D.E. Development and implementation of programs for the development of flexible skills for graduate students / D.E. Shchipanova / Innovative scientific modern academic research trajectory (INSIGHT). - 2020. - No. 2(2). - S. 20-25.

[23] Goncharov M. A. Fundamentals of management in education: study guide / M. A. Goncharov. - 3rd ed., erased. - M.: KNORUS, 2016. - 476 p.

FTAMP: 14.35.09

DOI 10.51889/2077-6861.2023.30.2.030

Ф.Ш. ОРАЗБАЕВА<sup>1\*</sup>, Ж.Т. ДӘУЛЕТБЕКОВА<sup>2</sup>, Ж.А. КОКАНОВА<sup>1</sup>,  
М.А. ИМАНҚҰЛОВА<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
(Алматы қ., Қазақстан)

<sup>2</sup>Қазақстан-Британ техникалық университеті (Алматы қ., Қазақстан)

## ДЕҢГЕЙЛІК ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ, ҰСТАНЫМДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

*Аңдатпа*

Мақалада сөйлесім әрекетінің түрлері: оқылым мен жазылымды өзара сабақтастықта меңгертудің жолдары мен мүмкіндіктері қарастырылады. Қазақстан Республикасында қазақ тілін деңгейлік оқытудың тәжірибесіне сүйене отырып, оқу үдерісінде білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың бір жолы ретінде оқылым мен жазылым тапсырмаларын орындатудың ғылыми-әдістемелік мәселелері дәйектеледі. Сабақта оқушылардың қарым-қатынас әдебі мен қатысым мәдениетін қалыптастырудағы сөйлесім әрекеті түрлерінің маңызы ашылады. Оқылым мен жазылым тапсырмаларын үйлестіре отырып, тіл үйренушінің пәнге деген қызығушылықтарын тудыру амалдары анықталады. Оқылым мен жазылым әрекеттерін дамытудың ұстанымдары белгіленеді.

Зерттеуде отандық және шетелдік әдіскер-ғалымдардың, педагогика, психология саласындағы зерттеушілердің тілдік қатынасқа, сөзге, мәтінге, оқылым мен жазылым әрекеттеріне қатысты пікірлері талданады. Қазақ тілін деңгейлік оқытудың базалық-нормативтік құжаттарындағы тілдік білімді бағалау өлшемдерінің ерекшеліктері көрсетіледі. Деңгейлік оқулықтардың құрылымдық-мазмұндық жүйесі сипатталады. Тіл үйретудің басым бағыты ретінде коммуникативтік құзіреттіліктерді қалыптастыру әдістері түсіндіріледі.

*Кілт сөздер:* сөйлесім әрекеті, оқылым, жазылым, базалық-нормативтік құжаттар, стандарт талаптары, деңгейлік оқыту, қатысым мәдениеті, трендтер, отандық тәжірибе.

Ф.Ш. ОРАЗБАЕВА<sup>1</sup>, Ж.Т. ДАУЛЕТБЕКОВА<sup>2</sup>, Ж.А. КОКАНОВА<sup>1</sup>,  
М.А. ИМАНКУЛОВА<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
(г. Алматы, Казахстан)

<sup>2</sup>Казахстанско-Британский технический университет (г. Алматы, Казахстан)

## НОВЫЕ ПАРАДИГМЫ, ПРИНЦИПЫ И МЕТОДЫ УРОВНЕВОГО ОБУЧЕНИЯ

### Аннотация

В статье рассматриваются виды речевой деятельности: пути и возможности взаимосвязанного освоения чтения и письма. В Республике Казахстан, опираясь на опыт уровневого обучения казахскому языку в учебном процессе, научно-методические проблемы выполнения заданий по чтению и письму является одним из факторов развития функциональной грамотности обучающихся. В процессе урока раскрывается особенность значений видов коммуникативных действий и у учащихся формируется этика общения. Координируя задания на чтение и письмо, выявляются приемы, позволяющие вызвать интерес изучающего к предмету. Определяются принципы развития чтения и письма.

В исследовании анализируются мнения отечественных и зарубежных ученых-методистов, исследователей в области педагогики, психологии относительно языкового общения, слов, текста, чтения и письма. Отражаются особенности критериев оценки языковых знаний в базовых нормативных документах уровневого обучения казахскому языку. Описывается структурно-содержательная система уровневых учебников. Разъясняются методы формирования коммуникативных компетенций как приоритетное направление обучения языку.

*Ключевые слова:* речевая деятельность, чтение, письмо, базовые нормативные документы, требования стандарта, уровневое обучение, коммуникативная культура, тренды, отечественный опыт.

F. ORAZBAYEVA<sup>1</sup>, Zh. DAULETBЕКОВА<sup>2</sup>, Zh. KOKANOVA<sup>1</sup>,  
M. IMANKULOVA<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)

<sup>2</sup>Kazakh-British Technical University (Almaty, Kazakhstan)

## NEW PARADIGMS, PRINCIPLES AND METHODS OF LEVEL LEARNING

### Abstract

The article discusses the types of speech activity: ways and possibilities of interrelated development of reading and writing. In the Republic of Kazakhstan, based on the experience of level-level teaching of the Kazakh language in the educational process, scientific and methodological problems of performing tasks in reading and writing are one of the factors of the development of functional literacy of students. In the course of the lesson, the peculiarity of the meanings of the types of communicative actions is revealed and the ethics of communication is formed among students. Coordinating tasks for reading and writing, techniques are revealed that allow to arouse the student's interest in the subject. The principles of the development of reading and writing are determined.

The study analyzes the opinions of domestic and foreign methodologists, researchers in the field of pedagogy, psychology regarding language communication, words, text, reading and writing. The features of the criteria for assessing language knowledge are reflected in the basic normative documents of level by level teaching of the Kazakh language. The structural and content system of level textbooks is described. The methods of formation of communicative competencies as a priority area of language teaching are explained.

*Keywords:* speech activity, reading, writing, basic normative documents, standard requirements, level training, communicative culture, trends, domestic experience.

**Кіріспе.** Жылдам өзгермелі дүниенің білім кеңістігінде жаңа үрдістердің өріс алуы, тұлғаға бағдарлай оқыту талаптары күшейгенімен, жастар арасында білімнің құндылық мәнінің күрт төмендеуі, жаһанданудың әсерінен ақпараттық шекаралардың жойылуы, дамушы елдердің рухани-әлеуметтік тәуелсіздігінің әлсіреуі ХХІ ғасырда оқыту мен тәрбиенің бірлігін барынша нығайтуды талап етіп отыр. Осыған орай, білім алушылардың өмір сүру дағдыларын дамыту үшін әлеуметтік ортаға бейімділігі мен интеллектуалдық-тұлғалық әлеуетін дамытудың, қатысым дағдыларын жетілдірудің, коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастырудың өзектілігі айқындала түсуде. Бұл, өз кезегінде, білім сапасын көтеруге, білім алушылардың шығармашылық қабілеттері мен креативтілік қасиеттерін дамытуға басымдық берумен шектесіп жатыр. Олай болса, қазақ тілінен басқа тілде оқытатын мектептердегі мемлекеттік тілді үйрету саласы да осы міндеттер үдесінен шығуы үшін білім кеңістігіндегі ортақ талаптарды ескерумен қатар, оқытудың пәндік ерекшеліктеріне сай арнайы әдістемелік жүйені жетілдіруді мақсат етеді. Бір жағынан, қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудың озық дәстүрлерін сақтап, оны әрі қарай дамыту; екінші жағынан, әлемдік деңгейдегі жаңа білім беру трендтерін ескеру қажеттігі туындады. Жаңа трендтер бойынша білім алушыларды «тануға үйренуге», «әрекет етуге үйренуге», «әлеуметтенуге үйренуге», «өмір сүруге үйренуге» бейімдеу – басты міндет [1, б.28]. Ғылыми әдебиеттерде бұл төртеуі «жұмсақ дағдылар» деп аталатын коммуникативтік құзіреттіліктермен бірлікте қарастырылады. Тіл атты «баға жетпес байлыққа ие бола отырып, алып әлемді өз дүниетанымына сіңіріп, адам ең басты мәселе – өзге жандармен қарым-қатынасқа, коммуникацияға түседі» [2, б.96]. Сондықтан тіл үйретуге қатысты мәселенің қай-қайсысы да тілдік қатынас теориясы мен әдістемесіндегі іргелі тұжырымдарды басшылыққа алу арқылы шешімін табатыны сөзсіз. Зерттеу тақырыбына арқау болып

отырған сөйлесім әрекетінің ішіндегі оқылым және жазылым дағдыларын дамытудың теориялық және әдістемелік жолдары осы тұрғыда қарастырылады.

**Зерттеудің мақсаты:** тілді деңгейлеп оқыту үдерісінде білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың бір жолы ретінде оқылым мен жазылым тапсырмаларын өзара сабақтастықта, кіріктіре отырып ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік жолдарын дәйектеу. Сабақта оқушылардың жазылым мәдениетін қалыптастырудағы оқылымның рөлін таныту көзделеді. Оқылым мен жазылым тапсырмаларын үйлестіре отырып, тіл үйренушінің оқу-танымдық, әлеуметтік мотивтерін ояту, пәнге деген қызығушылықтарын тудыру амалдары сараланады. Қазақстан Республикасында қазақ тілін деңгейлік оқытудың тәжірибесі талданады. Бүгінгі күннің өзекті мәселесі – оқушылардың жазылым сауаттылығын қалыптастырудың жолдары негізделеді.

**Зерттеу әдістері.** Зерттеуде отандық және шетелдік әдіскер-ғалымдардың, педагогика, психология саласындағы зерттеушілердің тілдік қатынасқа, сөзге, мәтінге, оқылым мен жазылым әрекеттеріне қатысты пікірлерін талдау, негізгі тұжырымдарды саралау, ой қорыту әдістері қолданылды. Сонымен қатар екінші тілді меңгертуде оқылым мен жазылымды үйлестіре қолдануға өзек ретінде алынатын әдіснамалық теориялар зерделенді. Тілді деңгейлеп оқытудағы оқылым мен жазылымның индикторлары мен параметрлерінің стандарттық негіздері көрсетілді. Оқылым арқылы жазу мәдениетін дамытудың немесе, керісінше, жазылым дағдысын қалыптастыра отырып, оқылым мәдениетін жетілдірудің тиімді жолдары қарастырылды. Білім алушылардың тұлғалық-әрекеттік қабілеттерін дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдері анықталды.

**Әдебиеттерге шолу.** Субъектінің тілдік қатынас деңгейі – оның сана-сезімін, әлеуметтік ортамен байланысын танытатын бірден-бір өлшем. Сондықтан мүмкіндігінше білім алушыны еркін тілдік қатынасқа үйрету – қай кезеңде де білім беру жүйесінің

тұрақты міндеті болып қала береді. Бұл өз кезегінде ойлау мәдениетін дамыту жолымен сөйлесім әрекетінің барлық компоненттерін (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім) кешенді меңгертуге байланысты жүргізіледі. Десекте, осы әрекеттердің ішінде тілдік қатынас мәдениетін қалыптастыруға ерекше ықпал ететін оқылым мен жазылым екендігі дау тудырмайды.

Жалпы тіл үйретудің ең басты құралы – сөз. Академик Р.Сыздық атап көрсеткендей, «сөз дегеніміз – тіл ғимаратын қалайтын негізгі кірпіш» [3, б.19]. Сөз арқылы адам өз ойын құрап, басқалармен хабар алмасады, сөзді білген адам оны қатысым құралы ретінде қолдана алады. Сөз – заттың, құбылыстың, іс-әрекеттің атын, сынын, сапасын, қимылын және т.б. білдіру арқылы номинативті қызмет атқарумен қатар, адамдар арасындағы тілдік қатынастың жүзеге асуына, дамуына арқау болатын коммуникациялық қызметі айрықша құрал.

Сөзді құрау, оны қолданушының мақсатына, шеберлігіне, мәдениетіне тікелей байланысты. Сондықтан профессор Қ.Жұбанов «сөз ауызекі сөйленеді, қағазға да жазылады. Жазылған сөз түгел бір кітап болуы да, шағын бір хат болуы да, тек бір кісінің аты болуы да, тіпті бір ғана әріп болуы да мүмкін» дей келіп, оның «сөз бөлшектерінен» тұратынын айтады. «Қиынын тауып қаламасаң, байлауын тауып ұстатпасаң, сөз бөлшектері де сөгіліп кетеді. Ондай сөгіліп кеткен сөз не тіпті сөз болмай шығады да немесе адамға арнап салған үйің құстың күркесі болып шыққандай, керекті сөзің болмай, басқа бір сөз болып шығады» [4, б.29]. Бұл жерде ғалым «сөз» терминін екі түрлі деңгейде қолданып отыр: біріншісінде номинативтік (жеке тұрғандағы сөздің мағынасын анық білу) тұрғыдан, екіншісінде коммуникация құралы (сөзді сөкпей бір-бірімен байланыстырып сөйлеу) сипатында.

Зерттеу тақырыбына арқау болып отырған оқылым да, жазылым да түпкі нәтижесінде тіл үйренушінің тілдік деңгейдің мақсатына сай сөздің қолданымдық заңдылықтарын тануға, сол танығанын нақты әрекетке

ұластыруға бағытталуы тиіс. Тіл үйрену лексикалық тақырыпқа сай берілген нақты мәтінмен жұмыс арқылы жүзеге асады. Сондықтан тіл үйренушінің жас және психологиялық ерекшеліктеріне сай тапсырмалар мәтіналды, мәтінмен жұмыс, мәтінсоңы деп сараланып, жіктеліп берілді. Осындай үш кезеңдегі тапсырмалардың мақсаты біреу ғана, ол – білім алушының сөзді дұрыс, түсініп қолдануына алғышарт қалыптастыра отырып, қарым-қатынасқа үйрету.

Мемлекеттік тілді оқыту үдерісінде білім алушыны қатысым мәдениетіне баулудың тетігі ретінде «жұмсақ дағдыларды» қалыптастыруға басымдық беріледі. Соның нәтижесінде тілдік қатынастың деңгейі көтеріледі. Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы айтқандай, «ақылға салып, қиялмен жетелеп, көңілдегіні түйіп айтуға жеткізе үйрету» үшін қазақ тілінен басқа тілде оқитын білімгерлерге тілді деңгейлеп оқыту тиімді саналады [5, б.154]. Өйткені деңгейлеп оқыту тіл үйренушілердің білімін функционалдық тұрғыдан сатылап дамыта отырып жүргізіледі. «Қазақ тілін деңгейлік оқыту дегеніміз – әр білім алушының қазақ тілінде сөйлеу деңгейін анықтай отырып, әркімнің сұранысы мен тілді білу деңгейіне сәйкес қазақ тілін коммуникативтік-танымдық тұрғыдан меңгерту; деңгейлер бойынша ауызша/ жазбаша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру; тіл үйренушінің түсіну, сөйлеу, жазу, тілдесу дағдыларын қарапайымнан күрделіге бағытталған талаптар бойынша дамыту» болып саналады [6, б.302]. Бұл жерде білім алушының мотивациясын тудыруға ықпал ететін негізгі фактор – оқушының қажетіне, қызығушылығына сай дағдыларды мұғалімнің дұрыс айқындай білуі. Сондықтан әр деңгейдегі күтілетін нәтижелерді дұрыс болжай алу, оған жеткізетін әдістемелік жолдарды дұрыс сараптау оқытушының кәсіби шеберлігіне тікелей байланысты.

«Ойлау – Білім – Сөйлеу» ұштағанында ең маңызды мәселе адамдар арасындағы шынайы қарым-қатынас, сөз әдебі мен қатысым мәдениеті екенін есте тұтқан

абзал. Бұл заманауи білім берудің басты трендіне айналған Soft skills, яғни «жұмсақ дағдыларды» қалыптастырудың ең басты идеясына айналуы шарт», – дейді [7, б.29].

Шын мәнінде, тілді меңгертуге қатысым әдеби мен сөз мәдениетіне жауапкершілікпен қарау – кәсіби парыздың бірі. Өйткені мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру тек оның қолданыс аясын кеңейтумен ғана өлшенбейді. Ол сөз мәдениетін сақтап сөйлеуге үйретуді талап етеді. Бұл тұста академик Р.Сыздықтың «Мәдениетті тіл ғана мәртебелі» деген қағидасын ұстану қажет [8, б.516]. Мәдениет ұғымы сөйлесім әрекетінің барлық түріне қатысты: тыңдау мәдениеті, оқу мәдениеті, жазу мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, қарым-қатынас әдеби мен мәдениеті деген тұрғыда қолданылады. Бұл тіркестердің астарындағы мәдениет сөзінің бірде кең, бірде тар мағынада жұмсалатыны байқалады. Соның қай-қайсысында да әрекеттерге қойылатын басты талап адамның интеллектуалдық деңгейін арттыру және тіл арқылы олардың тұлғалық қасиеттерін бірге жетілдіру мүддесі тұрғанын аңғартады. Антикалық дәуірден бастап-ақ мәдениеттің адам болмысымен бірлігі терең зерделенген. Ал, орта ғасырдағы ойшылдар мәдениет адамның өз мүмкіндіктерін, ақыл-ойын жетілдіретініне сенген. Олар «адам өзінің табиғи жаратылысынан қабілетті, ақылды жан және соны тиімді пайдаланудың нәтижесінде адам игілігіне қызмет ететін қоғам құруға қабілетті», – деп санады [9, б.23]. Шын мәнінде, ағартушылық дәуірінің философиясы мәдениет туралы ілімді дамытуға мүмкіндік беретін категорияларға мән берді (табиғат, адам, қоғам, таным, ақыл-ой). Мәдениетті адамзаттың тарихи дамуының нәтижесі және адамзат баласының саналы және адамгершілік, қоғамдық қарым-қатынастарының жоғары дәрежесі» деп санады. Философ Кант: «Мәдениет – бостандық патшалығына барар жол», – деп, мәдениетті гуманистік тұрғыдан қарастырды [10, б.281]. Эдуард Тэйлор: «Мәдениет жеке адам мен бүкіл қоғамды адамның бақыты мен болашағы жолындағы құндылықтарды дамыту арқылы адамзат баласын жан-жақты

жетілдіру болып табылады» деген тұжырым жасады [11, б.78]. Ойшылдар мәдениетті материалдық және рухани құндылықтардың бірлігі ретінде қарастырды. Бұл тілдік қатынас мәселесімен терең ұштасып жатыр.

Өкінішке орай, бұл идеялар адам тәуелсіздігі жойылған жерлерде өз мәнінен айырыла бастады. Оның нақты мысалын адам теңсіздігі үстемдік құрған қоғамдық формациялардың, жастар тәрбиесін жасанды саясат пен идеологияның құрбанына айналдырған, мәдениет пен білімді бір-бірінен алшақтатқан кеңестік жүйенің тәжірибесінен көреміз. Дәл қазіргі заманда да білім беру жүйесінде құндылықтар (оның ішінде тіл құндылығы да бар) назардан тыс қалып отыр. Сондықтан адам болмысының табиғи қалыбына, үйрену, даму қабілетіне кері жүретін үдерістер кең етек алды. Соның айқын дәлелі: еліміз тәуелсіздік алған отыз екі жыл бойында қазақ тілінде оқытпайтын мектеп түлектерінің басым бөлігі (75 пайыздан астамы) қарапайым деңгейдің өзін меңгермей отыр. Оған «тез өзгермелі орта, білім мен технологияның жылдам жаңаруы салдарынан антропогендік сингулярлық жағдайдың орын алуы, ұлттық тіліміздің мәртебесінің мемлекеттік тіл деңгейіне көтерілмеуі, көпшілік жастардың және басқа этнос өкілдері арасында қазақ тілінің қоғамда қажеттілігінің жоқтығын малданып, оны менсінбеушілігі, сондай-ақ, рухани-адамгершілік және ұлттық құндылықтардың жұтандануы, қоғамдық ортада арзанқол мәдениет үлгілерінің басымдыққа ие болуы» секілді жағдайлардың ықпалы болып тұр [12, б.19]. Адамның жаратылысына, оның ойлау қабілеті мен дәстүрлеріне қайшы, жасанды осындай келеңсіздіктер кең өріс алу себебінен қатысым мәдениетінің құны түсті. Сондықтан тілді үйретудегі басты бағыт – білім алушылардың тілді құндылық деп түсінуіне, адам мәдениетінің көрсеткіші екенін сезінуіне мүмкіндік беретін оқыту жүйесін ұйымдастыру.

Сөйтсе де, қоғамда өріс алып отырған мемлекеттік тілді меңгеруге деген қажеттіктің жоқтығын алға тарта бермей, заманауи талаптарға жауап беретіндей қазақ

тілін үйретудің әдістемесін, әдіснамалық, практикалық аспектілерін жетілдіріп отыру осы сала ғалымдары үшін күн тәртібінен ешқашан түскен емес. Оның дәлелі 2015 жылдан бері қоғамда үлкен резонанс тудырған (2021 жылы патенттелген) отандық үздіксіз білім беру жүйесінде қазақ тілін деңгейлік оқыту Тұжырымдамасының [13, б.14], Білім стандартының [14, б.89], типтік оқу бағдарламасының [15, б.120] әзірленуі. Сол базалық-нормативтік құжаттар негізінде қазақ тілінен басқа тілде оқытатын мектептердің 1-11-сыныптарына арналған 67 аталымнан тұратын «Қазақ тілі» пәні оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешеннің дайындалды. 2015-2016 оқу жылында республиканың 41 пилоттық мектебінде сынақтан өтіп, педагог жұртшылықтың ғана емес, 25 рет жасалған сараптау комиссиясындағы сала мамандары мен ғалымдардың ғана емес, мектеп оқушылары мен ата-аналар тарапынан да үлкен қолдау тапқан ұшан-теңіз еңбек сол кездегі ҚР Білім және ғылым министрінің ауысуын ұтымды пайдаланған жекелеген адамдардың ықпалымен әділетсіз шеттетілген еді. Бірақ бүгінгі таңда жалпы білім беретін мектептің төртінші, сегізінші, оныншы сынып оқушы-

ларының тілді білу деңгейлерін анықтау үшін тест тапсыратыны туралы министрліктің шешімі осы деңгейлік тіл үйрету бойынша жасалған еңбектерді қайта жандандырудға мүдделілік танытады деп сенеміз.

Стандартта «Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттеріне сай «ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі қазақ тілін деңгейлік меңгерудің жіктелімі мен аталымы «Қазақ тілі» пәні бойынша базалық білім мазмұны; оқу-әдістемелік кешенге қойылатын талаптар; қазақ тілін үйрену барысында әр деңгей бойынша меңгерілетін лексика-грамматикалық минимумдар; сөйлесім әрекетінің түрлері (тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым, тілдесім) бойынша әр деңгейге қойылатын талаптар; білім бағалаудың индикаторлары мен өлшемдері; қазақ тілін деңгейлік меңгертуге қатысты игерілетін құзіреттіліктер айқындалды. Осы Стандартта алғаш рет Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде мемлекеттік тілді оқытудың сатылары іштей жіктелді. Әр сатының, яғни сыныптардың әрқайсысында білім алушы қол жеткізетін нәтижелер сараланды.

Үздіксіз білім берудің сатысы	Сыныбы	Деңгейлер	Игерім атаулары
Балабақша		A <sub>0</sub> Қарапайым деңгей	A <sub>0</sub> Бастапқы оңай игерім
Бастауыш мектеп (1-4)	1-сынып	A <sub>1</sub> Қарапайым деңгей	A <sub>1</sub> Бастапқы жеңіл игерім
	2-сынып		A <sub>1.1</sub> Бастапқы орта игерім
	3-сынып		A <sub>1.2</sub> Бастапқы толық игерім
	4-сынып		A <sub>1+</sub> Бастапқы жетік игерім
Негізгі мектеп (5-7)	5-сынып	A <sub>2</sub> Негізгі деңгей	A <sub>2.1</sub> Қалыптасу қарсаңындағы орта игерім
	6-сынып		A <sub>2.2</sub> Қалыптасу қарсаңындағы толық игерім
	7-сынып		A <sub>2+</sub> Қалыптасу қарсаңындағы жетік игерім
Негізгі мектеп (8-9)	8-сынып	B <sub>1</sub> Орта деңгей	B <sub>1</sub> Қалыптасқан толық игерім
	9-сынып		B <sub>1.1</sub> Қалыптасқан жетік игерім
Бағдарлы мектеп (10-11)	10-сынып	B <sub>1+</sub> Ортадан жоғары деңгей	B <sub>1.2</sub> Тереңдетіле қалыптасқан толық игерім
	11-сынып		B <sub>1+</sub> Тереңдетіле қалыптасқан жетік игерім
Арнаулы кәсіптік білім (колледж)	1-2-курс	B <sub>2</sub> Ортадан жоғары деңгей	B <sub>2</sub> Мамандыққа сәйкес тереңдетілген орта игерім

Жоғары оқу орны	1-2-курс	B <sub>2+</sub> Жоғары деңгей	B <sub>2+</sub> Мамандыққа сәйкес тереңдетілген толық игерім
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура, докторантура)	Магистратура 1-курс	C <sub>1</sub> Жетік деңгей	C <sub>1</sub> Мамандыққа сәйкес тереңдетілген жетік игерім
	Докторантура		C <sub>1+</sub> Мамандыққа сәйкес тереңдетілген еркін игерім
Мемлекеттік қызметшілер	Арнайы тілдік курстар	C <sub>2</sub> Жетік деңгей	C <sub>2</sub> Тереңдетілген еркін игерім
			C <sub>2+</sub> Кәсіби игерім

1-кесте. Қазақ тілін үйрету деңгейлерінің ҚР үздіксіз білім беру сатылары бойынша жіктелімі

Байқап отырғанымыздай, әр деңгей сайын оның атауы да, игерімнің сапалық мәні де күрделене түседі. Мәселен, қарапайым деңгейдегі оқылым тапсырмалары оқулықтағы, дидактикалық материалдағы, балаларға арналған көлемі шағын қосымша мәтіндермен жүргізіледі. Ал, негізгі және жоғары сыныптарда, жоғары оқу орындарында тіл үйренушінің талабы мен тілді білу деңгейлеріне лайықталған оқылым, жазылым тапсырмалары күрделене түседі. Мысалы, жасөспірім кезеңнен бастап тіл үйренушілердің тілді білу деңгейлерін жетілдіру мақсатында олардың қызығушылықтары мен оқыту мүддесін үйлестіре отырып, тұлғаның ақпараттық-коммуникативтік құзіреттіліктерін қалыптастыру мүмкіндігі артады. Өйткені «ақпараттық құзіреттілік әлеуметтік медиада артықшылыққа ие. Бұл бағытта субъектініңөзінеқажет ақпараттық қолжетімді нәрседен ажырата білу, дереккөздердің құндылығын бағалау және көптеген ақпарат көздерін қандай да бір байланыс түріндегі білімге біріктіру және қайта құру аса маңызды [16]. Техникалық құралдардың көмегімен кез келген ақпаратпен жұмыс жасау тіл үйренушілердің қызығушылығын арттырып, олардың ақпаратты табу, тану, талдау, «өңдеу», өз мақсатына сай қолдану тұрғысындағы білімі мен дағдыларын қалыптастырады.

Сол сияқты жоғары оқу орнында оқылымның аясын кеңейту жолымен жазылымға төселдіру мақсатында тіл үйренушілерге ақпараттық технологияларды қолдану тапсырмаларының пайдалы тұстары бар. Өйткені «заманауи педагогикалық технологиялардың

мүмкіндіктерін кеңейтуде ақпараттық технологиялардың үлесі өлшеусіз. Әсіресе, білім алушылардың ойлауын дамытуда, талғамын қалыптастыруда, «сана сүзгісін» нығайтуда ақпараттық-коммуникативтік құралдар арқылы жүзеге асырылатын тапсырмалардың тиімділігі әрқашан жоғары болады» [17, б.43].

Ғалымдар «ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдана отырып, түрлі онлайн шараларға қатысу, өзара әрекеттесу арқылы білімді бірлесіп құру цифрлық-ақпараттық, мәдени-танымдық құзыреттіліктердің және шығармашылық, техникалық дағдылардың жоғары деңгейде дамитын ортасы» деп санайды. Олар «ақпараттың жылдам өзгеретінін ескере отырып, теория жүзінде дұрыс негізге сүйену қажет болса, білім берудегі қаржылық мүмкіндіктерді мазмұн құрудан гөрі, тәрбиелеуге, бағыт-бағдар беруге және оқу үдерісінде өзара әрекеттесуге үйрету қажет» деп тұжырымдайды [16].

2023 жылдың көктемгі демалысында қазақ тілінде оқытпайтын мектептердің 3-11-сынып оқушылары арасында «Тіл – құндылық» республикалық байқауы өткізілді. Осы байқаудың шарты бойынша екі кезеңде де оқушылар өздерінің коммуникативтік құзіреттіліктерін, ақпараттық технологияны меңгеру шеберліктерін танытуы талап етілді. Мазмұны жағынан ұлттық құндылықтарды дәріптеуге шақыратын, орындалу сипаты жағынан технологиялық шеберлікті шыңдауға бағытталған, шығармашылық пен креативтілікті қалыптастыруға арналған оқу-танымдық тапсырмаларды оқушылар қызығушылықпен орындады. Бұл McAuley

негіздеген «білім берудегі қаржылық мүмкіндіктерді мазмұн құрудан гөрі, тәрбиелеуге, бағыт-бағдар беруге және оқу үдерісінде өзара әрекеттесуге үйрету қажет» деген қағидасының өміршендігіне дәлел болады [16].

Жоғары оқу орындарында жиі ұйымдас-тырылатын ремикстің де тіл үйренушілерге жағымды ықпал ететінін атап өтуге болады. «Ремикске қатысушылар өздеріне қажет материалды сақтайды және әлеуметтік желілерде пікірсайыстарға қатысады. Студенттер блог жазуы мүмкін немесе Facebook, Google group желілерінде белсенді форумдарға қатысады, YouTube каналына бейнематериал жасап, жүктеуі мүмкін» [18, б.65].

*Материал және әдістер.* Қазақ тілін деңгейлеп оқытудың толық құрылымданған стандарттық жүйесі бүгінгі таңда қоғамдағы мемлекеттік тілді қолдануға қатысты қайшылықты мәселелерді оң шешуге толық мүмкіндік беретіні сөзсіз. Сондықтан үздіксіз білім беру жүйесінде қазақ тілін осы бағытта үйрету үшін оның негізіне алынатын дидактикалық ұстанымдарды дәл анықтау, инновациялық технологияларды сауатты іріктеу қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, оның қоғамдық-әлеуметтік рөліне сай жұмсалыуына жол ашады. Көптілді тұлға қалыптастыру жағдайында мемлекеттік тілдің доминант болуына толық мүмкіндік береді.

Тілді деңгейлік оқыту үдерісінде оқылым мен жазылым тапсырмаларын өзара сабақтастықта жүргізу мен инновациялық әдістерді іріктеу кезінде мынадай ұстанымдар басшылыққа алынды: *білім мазмұны мен қоғамдық-әлеуметтік сұранымның үйлесімділік ұстанымы* бойынша лексикалық тақырыптар ауқымындағы оқу материалдары мен әр деңгей бойынша күтілетін нәтижелер тіл үйренушілердің әлеуметтік ортасына лайық өмірлік дағдыларды меңгеруіне бағытталып беріледі; сөйлесім әрекеті компоненттерін *кешенді қамту ұстанымы* негізінде тіл үйренушілердің коммуникативтік күзиреттіліктерді мең-

геруі үшін сөйлесім әрекетінің бес түрі (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім) бірге қамтылады; *қатысымдық (коммуникативтік) ұстанымы* қоғамдық-әлеуметтік ортадағы өмірлік жағдаяттарда тіл үйренушілердің мемлекеттік тілде тілдесім мәдениеті нормаларына сай ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға негіз болады; ізгілендіру ұстанымы бойынша оқу мәтіндерімен жұмыс барысында гуманистік, мемлекеттік, жалпыадамзаттық және қазақ халқының ұлттық құндылықтарына құрметпен қарау басты орынға қойылады. Тілдік қатынаста адамгершілік қасиет пен өзара сыйластықты сақтау, мемлекеттік тілге, Отанына деген жауапкершілікті сезіндіру арқылы қазақстандық патриотизмді қалыптастыру міндетін іске асыруда жетекші рөл атқарады; *әрекеттік ұстаным бойынша* қазақ тілін қатысымға бағыттап оқытуды «әрекетке негізделген тапсырмалар» арқылы іске асырылады. Олар әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы жүргізіліп, жағдаяттық жаттығулар түрінде беріледі. «Әрекетке негізделген тапсырмалар» жүйесі ойын, имитациялық (еліктеу) және еркін қарым-қатынасқа негізделген кешенді тапсырмалардан құралады.

Тілді деңгейлеп үйретудің білім стандартында осы ұстанымдарға негіздей отырып, білім нәтижелері сөйлесім әрекетінің бес түрі бойынша деңгейленіп, сараланып берілді. Сонғың ішінде мақала тақырыбына арқау болып отырған оқылым мен жазылым дағдыларының көлемі де жалпы білім беретін мектептің бастауыш, негізгі, бейіндік сатылары бойынша стандарттық талаптар түрінде анықталған. Мақала көлемі көтермейтіндіктен, тек бастауыш мектептегі қарапайым деңгейдің параметрлері көрсетілген кесте берілді (2-кесте). Онда деңгей бойынша білім алушы меңгеруі тиіс дағдылардың аражігі анықталып көрсетілген. Олар өзара тығыз байланыстырылуымен және біртіндеп күрделеніп, дамытылып отыруымен ерекшеленеді. Сондықтан стандарттық стильде негізгі талаптар барынша, анық, барынша нақты және түсінікті түрде сипатталған



Нысанаға алынып отырған оқылым және отандық әдістеме ғылымында алғаш рет жазылым әрекеттерінің тіл деңгейлері жасалуымен де құнды. бойынша бұлай сараланып ұсынылуы

Деңг. \ сөй. түрі	Қарапайым деңгей А1	Негізгі деңгей А2	Орта деңгей В1	Ортадан жоғары В1+
Оқылым	Өзіне таныс тақырыптағы жай сөйлемдерден тұратын шағын мәтіндерді оқиды, мазмұнын түсінеді; Көрсетімдік оқылым талаптарын орындайды.	Мәтінді оқып (мәтінді шолып оқу, таныса оқу) негізгі мәліметтерді іріктей алады; тақырып көлеміндегі мәтіндерден оқыған ақпаратты жеткізе алады; өз ойын қысқаша айтады; аналитикалық оқылым талаптарын орындайды.	күнделікті қарым-қатынаста: отбасы, мектеп, қоғамдық-мәдени орындарға қатысты мәтіндерді оқып түсінеді. Мәзір, жарнама, буклет, жеке басқа қатысты құжаттардың (өмірбаян, түйіндеме, мінездеме) мазмұнын түсінеді. Жеке басқа қатысты қарапайым хаттарды түсінеді. Ұсынылған материалдарды танымдық оқылым деңгейінде меңгереді.	Болашақ мамандығына қатысты қарапайым сөз орамдарымен, белсенді сөздік қормен берілген мәтіндерді оқып түсінеді. Болған оқиға баяндалатын және құбылыстар суреттелетін мәтіндерді, адамның сезімдерін баяндайтын жекелік сипаттағы хаттарды түсінеді. Берілген материалды зерделік оқылым бойынша игереді.
Жазылым	Берілген тақырып бойынша тірек сөздерді пайдаланып 4-5 сөйлемнен тұратын мәтін құрап жазады. Суретке қарап баяндау мәтінін жазады. Клишелерді пайдаланып ашықхат жазады.	Сурет, кесте, карта бойынша шағын мәтін құрастырып жаза алады; жеке басы, отбасы туралы мәліметті қажет ететін сауалнама толтыра алады; жоспарланған іс-шара туралы хабарландыру жаза алады; таныс тақырыптағы мәліметтерді сипаттап жазбаша жеткізе алады; өзіне ұнайтын мәселелер туралы мәліметтерді қосып, хат жазады; Ұсынылған жай жоспар негізінде берілген тақырыпта шағын шығарма жаза алады.	Лексикалық тақырыптар ауқымында сипаттау, суреттеу мәтіндерін құрайды. Жеке басына қатысты құжаттарды (өмірбаян, түйіндеме, өтініш, мінездеме ) қысқа хабарлама, хат жазады. Мәтін бойынша жоспар құрады.	Өзіне таныс және қызықты тақырыпта пайымдау түріндегі қарапайым мәтіндерді жаза алады. Өзінің көңіл-күйін, сезімін жеткізіп хат жазады. Мәтін бойынша тезис, конспект жазады.

2-кесте. ҚР жалпы білім беру жүйесінде мемлекеттік тілді меңгерту деңгейлерінің көрсеткіштері

Қарапайым деңгейде тіл үйренуші көлемі шағын қосалқы мәтіндермен үшін берілген осы өлшемдер келесі байланысты жүргізіледі. Ал, негізгі деңгейлерде сандық және сапалық тұрғыдан және жоғары сыныптарда, жоғары оқу кеңейіп дамытыла түседі. Соның нақты орындарында тіл үйренушінің талабы мен мысалы, қарапайым деңгейдегі оқылым тілді білу деңгейлеріне лайықталған оқылым, тапсырмалары оқулықтағы, дидактикалық жазылым тапсырмалары күрделенеді. материалдағы, қосымша балаларға арналған Қарапайым деңгейде өткен сабақтарда

актив сөздерді оқу, олардан сөз тіркестерін құрау, шағын диалог құрап жаздырту, сөз жұмбақтарды шешу, анаграммалармен жұмыс, бос орындарға сөз қойып жазу секілді тапсырмалар орындалатынса, негізгі деңгейде «ассоциограмма», ребус құрату, тақырыпқа қатысты мақал-мәтелдерді жазу, жұмбақтарды жалғастыру сипатындағы тапсырмалар беріледі. Ал, орта және ортадан жоғары деңгейлерде мәтінмен жүргізілетін кешенді жұмыстардың аясында өзіндік ізденіс пен шығармашылыққа баулитын тапсырмаларды орындау талап етіледі.

Аталған стандартта алғаш рет әр деңгейде тілді игерудің индикаторлары мен параметрлері де нақты белгіленіп, жүйелі түрде ішкі игерімдерге жіктелген болатын. Мақала тақырыбына сай қарапайым деңгейдегі оқылым мен жазылымға қатысты өлшемдерге назар аударсақ, онда 1 минутта оқитын сөздің саны, жазылым бойынша диктанттағы және жазбаша мәтін құраудағы сөз санының анық көрсетілуі тілді деңгейлеп оқытуды нәтижеге бағдарлай отырып жүргізуге ықпал етеді (3-кесте).

АТАЛЫМДАР ӨЛШЕМДЕР	МЕН	ТІЛДІ МЕНГЕРУ ДЕҢГЕЙЛЕРІ				
		Қарапайым деңгей (А <sub>1</sub> )				
		ТІЛДІК ДЕҢГЕЙЛЕР БОЙЫНША ИГЕРІМ КОДТАРЫ				
		А <sub>0</sub>	А <sub>1</sub>	А <sub>1.1</sub>	А <sub>1.2</sub>	А <sub>1+</sub>
		ТІЛДІК ДЕҢГЕЙЛЕР БОЙЫНША ИГЕРІМ АТАУЛАРЫ				
		Бастапқы оңай игерім	Бастапқы жеңіл игерім	Бастапқы орта игерім	Бастапқы толық игерім	Бастапқы жетік игерім
		Мектепке дейінгі білім мен тәрбие				
		СЫНЫПТАР				
		Балабақша	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
Оқушы меңгеруі тиіс лексикалық минимум		40-70	100-120	120-130	120-130	120-130
Барлығы:		480-500 сөз				
Бір минутта оқуға тиеті сөздердің (шартты) мөлшері		-	10-20	30-35	40-45	50-55
Тыңдаған/оқыған мәтінді мазмұндаудағы сөз саны	5-6	7-10	10-15	15-20	20-25	
Айтылымдағы сөз саны	5-7	8-12	12-18	18-25	25-30	
Диктанттағы сөз саны	-	10-15	15-20	20-30	30-40	
Жазбаша мәтін құраудағы сөз саны	-	10-15	15-20	20-25	25-30	
Тілдегі үнәтатим (реплика) саны	1-2	2-3	3-4	4-5	5-6	

3-кесте. Оқушылардың қазақ тілін білу деңгейлері мен сөйлеу дағдыларының өлшемдері

Тілді деңгейлеп үйретуде есте тұтатын бір мәселе – тіл мен ойдың, сөйлеу мен ойлаудың бірлікте дамуына үнемі назар аударып отыру. Ол оқылым мен жазылым әрекеттерін сабақтастықта дамыту мақсатындағы тапсырмаларды ұйымдастыруда негізі шарттың бірінен саналады. Өйткені оқылым – тыңдалым секілді тіл үйренушінің сөйлеу әрекетіне қажетті қор қалыптастыратын, қатысымдық мәдениеттің нақты үлгісін көрсететін әрекеттің түрі. Кез келген адам дұрыс және сауатты сөйлеу үшін оған сөздік қор және сол қордың жұмсалым ережесі туралы нақты білім мен түсінік қажет. Ондай білім мен түсінікті адам не тыңдаған, не оқыған мәтін негізінде меңгереді. Субъект

тыңдалымда негізгі ақпарат пен сөйлеу амалдарын шектеулі уақытта есту арқылы қабылдайды. Ал, көзбен көріп, қолмен ұстап орындалатын оқылым әрекетінде оған қарағанда сөйлеуге үйрену мүмкіндігі әлдеқайда кең. Өйткені тіл үйренуші мәтінді қалауынша бірнеше рет оқып, түсінбеген сөздер мен сөйлемдерді, ұмытып қалған сөздер мен енді игергелі отырған жаңа лексиканы қайталап қарап отыру мүмкіндігі жоғары. Тыңдалымға қарағанда оқылымның тағы бір артықшылығы адам құлақпен естіген ақпаратпен салыстырғанда елестету қабілетіне сай көзбен көрген нәрсені есінде ұзақ сақтайды.

№	Сөйлесім түрлері	Балл	Бағаланатын дағдылар	Бағалау критерийлері
2.	Оқылым 40 минут 20%	2 балл	Сәйкестендіру: сөйлемдегі мәліметтерді қысқа қысқа хат, хабарлама мазмұнымен сәйкестендіру (3 сөйлем – 4 ашықхат).	Күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарда хаттың мазмұнымен байланыстыра алуы, мәліметті оқып түсінуі.
		2 балл	Таңдау: бос орын қалдырылған 3 сөйлемге ұсынылған 2 нұсқаның сәйкес келетінін таңдау.	Сөз мағынасын ажырата келіп, сөйлемді, мәтінді дұрыс құрап оқуы.
		2 балл	Таңдау: 2 мини диалогке ұсынылған 2 үнқатым жауаптың бірін таңдау.	Қарапайым сөйлеу клишелерінің мағынасын түсіне алуы.
		2 балл	Сәйкестендіру: диалогтегі 3 бос орынға 4 үнқатымның ішінен сәйкес келетінін тауып, орфоэпиялық нормаға сай оқу.	Күнделікті қарапайым қарым-қатынас тілін қоршаған ортада жүзеге асыра алуы.
		2 балл	Таңдау: 2 қысқа мәтін бойынша берілген 3 нұсқаның ішінен 4 сұрақты таңдау. НЕМЕСЕ «дұрыс/дұрыс емес/ мәтінде жоқ» жауаптары берілген 4 сұрақты таңдау.	Мәтіндегі негізгі ақпараттарды тауып оқып, ойды жеткізуге пайдалана білуі.
		2 балл	Бос орынды толтыру: қысқа мәтіндегі 4 бос орынға берілген 2 нұсқаның ішінен дұрысын орналастыру, дауыстап оқу.	Грамматиканы білуі, жай сөйлем құрылымын меңгеруі.
2	Жазылым 40 минут 20%	2 балл	Өзіне таныс сөздерден сөз тіркесін құрап жазу.	Сөздерді мағынасына қарай тіркестіріп, сөйлем жаза білуі.
		2 балл	Мәтінді қалпына келтіру: мәтіндегі 3 бос орынға сай келетін тек 1 ғана сөзді тауып жазу.	Сөздің мағынасы мен грамматикалық түрленуін ескеріп, шағын мәтін жазуы.
		4 балл	Ақпаратты алмастыру: оқыған қысқа мәтіндегі қажетті ақпаратты өз сөзімен 2-3 сөйлем түрінде жазу.	Оқығаннан қажетті ақпаратты анықтай отырып, жаңа мәтін жаза білуі.
		16 балл	Көлемі 15-20 сөзден тұратын қысқа хат мәтінін жазу.	Өз ойын жазбаша түрде жеткізе алуы.

4-кесте. Оқылым бойынша бағалау индикаторлары

«Естігенімді ұмытамын, көргенімді есте сөзінде олардың аражігі ашып көрсетілген. сақтаймын, қолмен жасағанымды мең- Жалпы білім беретін мектептің орта геремін» дейтін Конфуцийдің әйгілі нақыл сыныптарында интенсивті оқылым түрі

ұсынылады. Ондағы басты мақсат мәтіндегі сөйлемдердің грамматикалық құрылымын түсінуіне жол ашу, лексикалық тақырыптар аясында меңгертілуі тиіс жаңа сөздерді қолдануға үйрету. Жетік деңгейде ғана тіл үйренушілерге экстенсивті оқылым – үлкен көлемді мақала немесе шығармаларды (роман, повест, әңгіме, дастандар, поэмалар) оқуды талап етуге болады. Ал, қарапайым деңгейде сөз көлемі шағын (индикаторда көрсетілген нормаға сай) болуы маңызды. Оқылым материалдарының оқушының жас және психологиялық ерекшелігіне сай болуы, сол мәтінге сүйеніп меңгертілетін айтылым мен жазылым дағдыларының дұрыс меңгертілуіне әсері мол. Өйткені сәтті жасақталған оқу мәтіні – сабақ тақырыбының тиімді меңгертілуінің кепілі. Сондықтан оқулық авторлары, бірінші кезекте мәтінді тауып, содан кейін оған қатысты тапсырмаларды түрлендіру жолдарын анықтайды.

Оқылым – білімнің көзі, базасы, қоры болса, жазылым мен айтылым сол қорды меңгертудің тәсілі әрі нәтижесі болып саналады. Қор саналы әрі сапалы меңгертілген жағдайда тіл үйрену үдерісінің нәтижелі болатыны сөзсіз. Үйренген дағды міндетті түрде тұлғаның қатысымдық мәдениетін биіктетеді.

Жекелеген сөздердің мағынасын ашып түсінуден «жұмсақ дағдыларды» қалыптастыруға дейінгі аралықта жазылым жұмыстарының бірнеше түрі сатылап орындалады. Осы үдерісте білім алушының тілдік қатынас мәдениетін меңгерту үнемі назарда болғаны ұтымды. Бұл білім беру үдерісінде сөйлеу мен ойлаудың бірлікте жүзеге асырылуына тікелей байланысты. Сондықтан зерттеу жұмысында сөйлесім әрекеттерінің ішінде оқылым мен жазылымды өзара сабақтастықта меңгертудің әдістемелік тиімді жолдарын жүйелеу көзделді. Тіл үйренудің бастапқы кезеңінде тұлғаның сөз мәдениетін қамтамасыз ететін, сөйлеумен байланысты кешенді әрекеттерді орындауға алғышарт қалыптастыратын бірқатар дағдыларды меңгеруі талап етіледі:

- үйреніп отырған тілдегі таңбаларды тани алуы;
- сауатты оқу дағдыларын меңгеруі;
- өзі меже етіп отырған деңгейде жеке пікірі мен ойын жеткізуге жеткілікті лексикалық сөздік қордың болуы;
- мәтіндегі тірек сөздерді ажырата алуы;
- әдеби тіл нормалары туралы түсінігінің (дұрыс/бұрыс) болуы;
- сөз тіркесін құрай алу қабілеті;
- өз пікірін сөйлем түрінде жеткізе білу дағдысы;
- тыңдаған, оқыған мәтіндегі негізгі ойды түсінуі және т.б. Бұл, әрине, тілді деңгейлік меңгерту тұрғысынан алғанда, қарапайым деңгейге тән талаптар болып саналады. Бұл дағдыларды оқушы тіл үйренудің алғашқы кезеңінде дұрыс меңгерсе, одан кейінгі деңгейлердегі білім мен білікті жеңіл қабылдайды.

**Нәтижелер мен талдау.** Тәжірибелерді саралай келіп, жоғарыда аталған тұжырымдама мен білім стандартына, оқу бағдарламасына сәйкес дайындалатын деңгейлік оқулықтар құрылымының (5-кесте) тұрақты болуына көңіл бөлінді. Бірақ оның мазмұндық жағы барынша қызықты мәтіндерден, тақырыпқа қатысты тілдік, қатысымдық бірліктерді жеңіл әрі тиянақты меңгертуге бағытталған алуан түрлі әдістер мен технологиялардан тұруы ескерілді. Құрылымдағы тұрақтылық білім алушының оқу материалын өздігінен де игере алуына ықпал етсе, мазмұндық тұрғыдан түрленуі оның мотивациясын оятып, ізденіс жасауына, шығармашылықпен, креативтілікпен құлшына орындауына жол ашатыны ескерілді. Қарапайым деңгейдегі оқулықтың құрылымы жеңіл болғанымен, онда қазақ тілінде сауатты сөйлесімге үйрететін аспектілер тұтастай қамтылуы маңызды болды. «Жаңа сөздер» айдары (сабақта игерілуі тиіс актив лексика арнайы кестеде көрсетілген), Грамматикалық конструкциялар («ережесіз тіл үйрену» форматындағы үлгілер), Негізгі мәтін (Қарапайым деңгейде сюжетті мәтіндер, көрнекі безендірілген суреттер); «Дұрыс айт» (жаңа сөздердің қазақша орфоэпиялық

нормаға сай транскрипциясы); «Кел, жаттығайық!» (жаңа сөздерді қамтыған ұйқасты шағын шумақтар); «Есте сақта!» (жаңа сөздерден құралған өте қысқа мәтін үлгісі). Осы тұрақты құрылымның әрқайсысы баланы саналы түрде сөйлеуге жетелеп отырады. Әр лексикалық үлкен тақырып шағын 4 сабаққа бөлінеді, соңындағы 5-нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? деп беріледі. Сонда бастауыш мектептегі бүлдіршін бір аптада бір лексикалық тақырыпқа қатысты актив сөзді оқи алады, жаза алады, оны қолданып шағын мәтін жаза алады, ауызша мәтін құрап айтады, соңында айналасымен 3-4 репликадан тұратын тілдесімді жүзеге асыратын болады. Сонымен қатар ең соңында «Білгенге маржан» айдарындағы жаңа сөздерді қамтыған қазақша мақал-мәтелді түсініп оқиды, мүмкіндігінше қолданып сөйлеуге төселеді. Осылайша күнделікті қарым-қатынасқа ғана емес, қазақ мәдениетінің бір бөлшегін өз деңгейіне сай танып біледі.

Негізгі, орта және ортадан жоғары деңгейлерде де «Жаңа сөздер» айдары сақталып отырады. Бұл оқушының нақты сөздерге назарын аударуға, мақсатты түрде соны үйренуіне бағдар береді. Сыныптағы оқушылардың қабылдауы мен білім дең-

гейін ескеріп, тілдік дағдыларын ширату үшін мәтіналды, мәтінмен, мәтінсоңы тапсырмалар шоғырландырылып беріледі. Осы үш кезеңде сөйлесім әрекетінің түрлері бірнеше рет қайталануы мүмкін. Олардың бәрінің бір бағытта, ортақ мақсатқа жұмыс жасауы қадағаланады. Сонымен қатар бұл деңгейлерде грамматикалық тақырыптар да жүйемен ұсынылады.

Негізгі мақсат – әдеби тіл нормасын сақтап сөйлеуге үйрету. Сондықтан оқу мәтіндерінде лексикалық минимум мен грамматикалық минимумды өзара сабақтастықта тоғыстыра оқыту көзделеді. Сөз қолданым амалдарының озық үлгілері оқушыға тыңдалым мен оқылым мәтіндерінде ұсынылады, жазылым жұмыстарында сөйлесім дағдылары практикалық жағынан дамытылады да, ал, мәтінсоңы кезеңіндегі айтылым, тілдесім тапсырмаларында бекітіледі. Жоғары деңгейлерде «Есте сақта!» айдарында тақырыпқа қатысты тұжырымды сөйлем немесе жинақталған мәтін үлгілері ұсынылады. «Білгенге маржан» айдарындағы материалдардың да ауқымы кеңейтіледі. Онда тек мақал-мәтелдер ғана емес, жырлардан үзінді, шығармашылық жұмыс үлгілері, тыйым сөздер, нақылдар қолданылады. Олар тіл ұстарту мақсатын көздейді.

АТАЛЫМДАР	ҚАРАПАЙЫМ ДЕҢГЕЙ	НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ОРТА, ОРТАДАН ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙ
Қарапайым деңгей - «Тілашар» Негізгі деңгей - «Бойтұмар» Орта деңгей - «Тіл – Орда» Ортадан жоғары деңгей - «Алдаспан»	«Жаңа сөздер» Грамматикалық конструкциялар Мәтін «Дұрыс айт» «Кел, жаттығайық!» «Есте сақта!» 5-нәтиже сабақ. МЕН НЕ ҮЙРЕНДІМ? «Білгенге маржан» (қазақ мәдениеті)	«Жаңа сөздер» Мәтіналды жұмыс «Грамматика» Мәтінмен жұмыс Мәтінсоңы жұмыс «Есте сақта!» 5-нәтиже сабақ. МЕН НЕ ҮЙРЕНДІМ? «Білгенге маржан (қазақ мәдениеті)

5-кесте. Қазақ тілінің деңгейлік оқулықтарының аталымы мен құрылымы

Сауатты оқылым дағдысы қалыптасқан тіл үйренуші орындайтын жұмыстарда жазылымның ішкі дағдыларын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Олар зерттеушілердің көрсетуінше, «екі параметр

бойынша ажыратылып беріледі: сауаттылық және идеяны жеткізе алу». Атап айтқанда: \*Орфографиялық қатесіз жазу; \*Әріптерді дұрыс және қосып жаза білу; \*Пунктуацияны дұрыс қолдану; \*Сөйлемдерді дұрыс

байланыстыра білу; \*Абзацтарды дұрыс құрылымдай алу және т.с.с. Оған қоса тілдік мәдениетті дамыту тұрғысынан \*Стильді дұрыс тандай білу; \*Идеяларды жүйелі ұйымдастыра білу; \*Мәтін түрлерінің ерекшеліктерін қолдана білу; \*Мағынаны жеткізуге қажетті функцияларды пайдалана білу» [19, б.23]. Осы жұмыстардың кешенді түрде қолданылуы мемлекеттік тілді меңгерту сапасын көтеруге де алғышарт қалыптастырады.

**Қорытынды.** Базалық-нормативтік құжаттары арнайы жасақталып, соның негізінде қарапайым, негізгі, орта, ортадан жоғары дегейлерде біртұтас оқу-әдістемелік кешені түзілген «Қазақ тілінің» жалпы

отандық білім беру жүйесін жетілдіруге оң ықпал ететіні дәйектеліп, кешеннің оқу сапасын арттырудағы маңызы дәлелденді. Оның негізгі бағыттары мен ерекшеліктері сөйлесім әрекетінің ішіндегі оқылым мен жазылым жұмыстарының сабақтастығында ашып көрсетілді. Тілді деңгейлік үйретудің түпкі мәні тұлға мәдениетін сапалы қалыптастыруында, білім алушының интеллектуалдық әлеуетін үздіксіз көтеруінде, тілдік қатынас әдебін терең игертуінде, алған білімін функционалдық тұрғыдан меңгеріп, өмірлік дағдыларға дұрыс ұластыруында. Сондықтан оны мемлекеттік деңгейде қолға алып, жүзеге асырудың жолдары кешенді түрде шешілуі керек.

Мақала Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетінің «Деңгейлік парадигмалар әдіснамасы: оқылым мен жазылым» (ЖТН АР14869424) гранттық жобасы бойынша жарияланды.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Делор Ж. Образование: сокрытое сокровище. – UNESCO, 1996. – С. 37.
2. Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 320 б.
3. Сыздықова Р. Сөз құдіреті. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. – 296 б.
4. Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 2010. – 608 б.
5. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл – құрал (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. – Т. III. – 384 б.
6. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. Бес томдық шығармалар жинағы. Т.ІІ. – Алматы, 2019. – 460 б.
7. Бөгенбаева Ә. Креативті ойлау арқылы тілдік қатынасты дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (10-11-сынып). – Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация, Абай ат ҚазҰПУ, 2023. – 173 б.
8. Сыздық Р. Мәдениетті тіл ғана мәртебелі // Ғылыми таным үзіктері. – Алматы: «КИЕ» лингвоелтануинновациялық орталығы, 2009. – Т.ІІ. – 536 б. - 514-518 б.
9. Ғабитов Т.Х., Өмірбекова М.Ш. Мәдениеттану негіздері. – Алматы, 2003. – 240 б.
10. Кант И. Философия. – Москва, 1988. – 426 б.
11. Тэйлор Э. Первобытная культура. – Москва: Политиздат, 1989. – 578 б.
12. Дүйсебек Ә. Білім беруді орнықты дамытудың Ұлттық доктринасының тұжырымдамалық негіздері. – Республикалық семинар материалдары. – Алматы: әл-Фараби ат. ҚазҰУ, 1 сәуір 2023. – 80 б.
13. Оразбаева Ф., т.б. Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесінде мемлекеттік тілді деңгейлік оқытудың тұжырымдамасы. – Алматы, 2014. – 14 б.
14. Оразбаева Ф., т.б. Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесінде (мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру – жалпы орта білім – арнаулы кәсіптік білім – жоғары білім) қазақ тілін деңгейлік оқытудың стандарты. – Алматы, 2014. – 89 б.
15. Оразбаева Ф., т.б. Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын мектептердің 1-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасы. – Алматы, 2014. – 120 б.
16. McAuley A., Stewart B., Siemens G., Dave Cormier D. (2010) The MOOC model for digital practice. <https://pdfs.semanticscholar.org/ad53/b9655587771edcf4ae028d4490a218d87ff2.pdf>.

17. Ussenov Nurbol Zhoya Kairat, Abdimanapov Bahadurhan Sharipovich Mamadiyarov Marat, Tleubergenova Kenjekey, Malika Ussenova. Views on the Use of Technology in Geography Course. SCOPUS [JET. International Journal: Emerging Technologies in Learning. Table of Contents - iJET]. Vol. 15, No. 23, 2020. 42-51 p. <https://www.scopus.com/ sourceid/21100197967#tabs>.

18. Елубай Е. Жаппай ашық онлайн курстарындағы пікірсайыс форумдары – білімді құру құралы // әл-Фараби ат ҚазҰУ Хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. – №3 (72). – 2022. – 63-72 б.

19. Құлмағамбетова А. Тілдік төрт дағды бойынша белсенді оқу тапсырмалары. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы, 2014. – 105 б.

*References:*

- [1] Delors J. Education: a hidden treasure. – UNESCO, 1996. – С. 37.
- [2] Ter-Minasova S.G. Til zhane madenietarlyk communication. – Almaty: Ultytk audarma bureaus, 2018. – P. 320.
- [3] Syzdykova R. Soz kudireti. – Almaty: El-shezhire, 2014. – B. 296.
- [4] Zhubanov K. Kazakh tili zhonindegi zertteuler. – Almaty, 2010. – B. 608.
- [5] Baitursynuly A. Alty tomdyk shygarmalar zhinagy. Til - құрал (қазақ тілі мен оқу-ағартуға katysty enbekteri). - Almaty: “El-shezhire”, - 2013. T. III. – 384 b.
- [6] Orazbayeva F. Tildik katynas. Bestomdyk shygarmalar zhinagy. 2-vol. – Almaty, 2019. – 460 b.
- [7] Bogenbaeva A. Creativity oilau arkyly tildik katynasty damytudyn gylymi-adistemelik negizderi (10-11-son). – Philosophy doctor (phd) дәрежесін алу үшін дайындалған dissertation. Abai Kazakh National Pedagogical University, 2023. – 173 b.
- [8] Syzdyk R. Madenietti til gana martebeli // Gylymi tanym uzikteri. – Almaty: “KIE” lingvoeltanuinnovationiyalyk ortalygy, 2009. – V.2. – 536 b. – 514-518.
- [9] Gabitov T.Kh., Omirbekova M.Sh. Madeniettanu negizderi. – Almaty, 2003. – 240 b.
- [10] Kant I. Philosophy. – Moscow, 1988. – 426 b.
- [11] Taylor E. Primitive culture. – Moscow: Politizdat, 1989. – 578 b.
- [12] Duysebek A. Bilim berudi ornykty damytudyn ultytk doctrinasyryn tyzhyrymdamalyk negizderi. – Republican seminar material gifts. – Almaty: Al-Farabi at. KazU, 1 September 2023. – 80 b.
- [13] Orazbayeva F., vol. Kazakhstan Republics uzdiKSiz bilim beru zhyyesinde memlekettik tildi deңgeylik okytudyn tyzhyrymdamasy. – Almaty, 2014. – 14 b.
- [14] Orazbaeva F., t.b. Kazakhstan Republics uzdiKSiz bilim beru zhyyesinde (mektepke deyingi bilim men tarbie beru – zhalpy orta bilim – arnauy kasiptik bilim – zhogary bilim) Kazakh tilin deңgeil ik okytudyn standards. – Almaty, 2014. – 89 b.
- [15] Orazbayeva F., v.b. Kazakh tilinen baska tilde okytatyn mektepterдин 1-11-synpytaryna арналған “Kazakh tili” panininin оқу бардарlamasy. – Almaty, 2014. – 120 b.
- [16] McAuley A., Stewart B., Siemens G., Dave Cormier D. (2010) The MOOC model for digital practice. <https://pdfs.semanticscholar.org/ad53/b9655587771edcf4ae028d4490a218d87ff2.pdf>.
- [17] Ussenov Nurbol Zhoya Kairat, Abdimanapov Bahadurhan Sharipovich Mamadiyarov Marat, Tleubergenova Kenjekey, Malika Ussenova. Views on the Use of Technology in Geography Course. SCOPUS [JET. International Journal: Emerging Technologies in Learning. Table of Contents - iJET]. Vol. 15, No. 23, 2020. 42-51 p. <https://www.scopus.com/ sourceid/21100197967#tabs>.
- [18] Elubay E. Zhappai ashhyk online kurstaryndagy pikirsayys forumdary – bilimdi құру құралы // Al-Farabi at KazҰU Khabarshysy. Pedagogical gylymdar series. – No. 3 (72). – 2022. – 63-72 b.
- [19] Kulmagambetova A. Tildik tort dagdy boiunsha belsendi oku tapsyrmalary. Oku-adistemelik kural. – Almaty, 2014. – 105 b.